

УДК 332.145

Қалдыбаева Данира Орынбаевна

бағалау магистрі, Қазақ инновациялық гуманитарлы заң университеті, Семей қаласы
e-mail: danira_77@mail.ru

Аманбаева Асемгуль Абдулмансуровна

доктор PhD, Қазақ инновациялық гуманитарлы заң университеті, Семей қаласы
e-mail: asema.31.1983@mail.ru

Джунусова Данара Сейтказиевна

экономика магистрі, Қазақ инновациялық гуманитарлы заң университеті, Семей қаласы
e-mail: dds-1991@mail.ru

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ӨҢІРІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНЫҢ СЦЕНАРИЙЛЕРІН ТАЛДАУ ЖӘНЕ ОСЫ ДАМУДЫҢ ИДЕОЛОГИЯСЫН ҚҰРАСТЫРУ

Мақалада Шығыс Қазақстан облысы мысалында өңірлерді стратегиялық тұрғыдан дамыту сценарийлердің бір қатар түрлері қарастырылып, олардың артықшылықтары мен кемшіліктері, қолдану өрісі, шектеулері мен тәуекелдері, мүмкін нәтижелері көрсетілген. Қарастырылған сценарийлердің ішінде инерциялық, инвестициялық және инновациялық белсенді түрлері зерттеуге салынды. Әсіресе инновациялық белсенді сценарийдің ерекшеліктері қарастырылып, оның алдындағы негізгі міндеттер мен бағыттар талданды.

Шығыс Қазақстан облысының қазіргі кездегі экономикалық секторлары бойынша жалпылама талдау жасалынып, қарастырылған сценарийлерді іске асырудағы өсу әлуеті мен мәселелері зерттеуге салынды. Оның ішінде Шығыс Қазақстанда туристік-рекреациялық секторды дамыту мақсатында негізгі мүмкіндіктер мен кедергілер жөнінде сөз қозғалды.

Өңірдің жалпы әлуеті, Қазақстанның экономикасында алатын орны, ерекшеліктері көрсетілді. Сонымен бірге, мақалада өңірді дамытудың идеологиясын құрастыруға қатысты нақты ұсыныстар жасалынды.

Түйін сөздер: экономика, өңір, стратегия, даму, әлует, өсу, бәсеке, туризм.

В статье, на примере Восточно Казахстанского региона рассмотрены ряд конкретных сценариев стратегического развития регионов, изучены их преимущества и недостатки, сфера применения, ограничения и риски, возможные результаты развития. Из рассмотренных сценариев развития региона были подробно изучены такие сценарии как инерционный, инвестиционный и инновационно-активный. Особенное внимание было уделено инновационно-активному сценарию, основным его направлениям и стоящим перед ним задачам.

Проведен обобщающий анализ текущего состояния основных экономических секторов Восточно-Казахстанской области и возможности применения рассмотренных сценариев развития с характеристикой их потенциала роста и возможных проблем. Также речь шла и об основных возможностях и барьерах стоящих перед реализацией цели по развитию туристско-рекреационного сектора Восточного Казахстана.

Были рассмотрены особенности, общий потенциал региона и место, занимаемое им в экономике Казахстана. Кроме того, в статье даны конкретные предложения по разработке идеологии развития региона.

Ключевые слова: экономика, регион, стратегия, развитие, потенциал, рост, конкуренция, туризм.

In the article, on the example of the East Kazakhstan region, a number of specific scenarios of strategic development of regions are considered, their advantages and disadvantages, scope, limitations and risks, possible results of development are studied. Such scenarios as inertial, investment and innovation-active were studied in detail from the considered scenarios of the region development. Special attention was paid to the innovative-active scenario, its main directions and the tasks facing it.

A generalizing analysis of the current state of the main economic sectors of the East Kazakhstan region and the possibility of using the scenarios of development with the characteristic of their growth potential and possible problems. It was also discussed about the main opportunities and barriers facing the implementation of the goal for the development of the tourism and recreational sector of East Kazakhstan.

The features, the General potential of the region and the place it occupies in the economy of Kazakhstan were considered. In addition, the article gives specific proposals for the development of ideology of the region.

Keywords: economy, region, strategy, development, potential, growth, competition, tourism.

Бүгінгі күні Шығыс Қазақстан өңірінің әлеуметтік-экономикалық даму деңгейін, негізгі мәселелерін және басым бағыттарын талдау негізінде осы аймақтың ұзақмерзімді дамуының үш негізгі сценарийлерін анықтауға мүмкіндік береді. Олар, қазіргі жағдайдағы қалыптасқан экономикалық шарттарға әсіресе сәйкес және

орындалуы әсіресе ықтимал деп көрсетуге болады.

Инерциялық сценарий басталып қойған зор көлемді жобаларды әрі қарай іске асыруды көздейді, бірақ жаңа зор көлемді жобаларды бастау жоспарланбайды да тұтынушылық тауарлардың, сондай-ақ, материалдардың

импортын белсенді түрде алмастыру жүргізілмейді. Отандық тауарлардың бәсекелестік қабілетінің төмен болу себебінен, инвестициялық және тұтынушылық сұранысты қанағаттандырудағы импорттың үлесі өсе бастайды. Сонымен қатар, қалыптасып жатқан жағдайлар агроөнеркәсіп кешенінің дамуына (материалдық-техникалық және өндірістік базаның жаңаруы, өңдеу өрісі мен азық-түлік өндірісінің дамуы арқасында) және туристік индустрияның өсуіне жәрдемдеседі. Экономикалық дамуының негізгі көрсеткіштерінің тұрақты өсімі (орташа қазақстандық деңгейде) мен халықтың тұрмыс жағдайы сапасының жақсаруы байқалып отырады. Мемлекеттік қаржыландыру деңгейінің азаюы да өте ықтимал болады.

Бұл сценарийдің негізгі қаупі ретінде Шығыс Қазақстан өңірі жерінде өндірілетін өнімдер нарықтарының біртіндеп жоғалуын атауға болады. Бұны келісімен түсіндіруге болады: нарықтарды сақтау немесе кеңейту үшін белсенді келіссөз және лоббистік саясаттарды жүргізу керек, тіпті өңір жетекшілігі деңгейінде. Бұл саясаттар аймақтық брендтерді қалыптастыруға, демеуге және қорғауға бағытталады.

Берілген сценарийдің шектеулері ретінде табиғи монополиялар қызметтеріне арналған тарифтерді (бәсекелестік артықшылықтарды төмендететін), кадрларды басқару және даярлау жүйелерін (шаруашылық субъектілердің тиімділігін және еңбек өнімділігін азайтатын), экономиканың көптеген секторларындағы істейтін кәсіпорындардағы ескірген материалдық – техникалық базаны атауға болады.

Берілген сценарийден күтілетін нәтижелер. Бар қорларды пайдалану деңгейін өсірген сайын өсім динамикасы біртіндеп төмендей бастайды, өйткені бизнестің компаниялардың бәсекелестік қабілетін және өз өнімін отандық және шетелдік нарықтарға тиімді шығару қабілетін жоғарлатудағы белсенді позициясы болмайды.

Берілген сценарий әлеуметтік даму облысында стратегиялық міндеттерді шешуге жарамсыз болады. Оны іске асыру процесі халықтың экономикалық дифференциациясының күшеюімен, әлеуметтік инфрақұрылымды жаңғырту процестерінің баяулауымен қоса жүреді.

Инвестициялық сценарий Қазақстан Республикасының Шығыс өңіріне транспорттық инфрақұрылымды дамытуға, энергетика объектілерін жаңғыртуға және қарқынды дамытуға, институционалдық қайта құруларға

және басты ұлттық жобаларды іске асыруға бағытталатын инвестицияларды келтіру бойынша қызметті мейлінше белсендіруді көздейді. Инновациялық белсенділікті тек энергетикада, отын және шикізат салаларында (металлургия мен химия), құрылыс индустриясында өсіру болжанады. Сонымен бірге экономиканың технологиясы жоғары секторлары инновациялық белсенділіктің төмен деңгейімен сипатталып, инерциялық режимде дамумен ерекшеленеді. Нәтижесінде олардың бәсекелестік қабілеті төмендей бастайды.[1]

Бұл баламалық жол, мемлекеттік күрделі салымдар көлемдерін өсіруді, мемлекеттік бюджеттен едәуір демеуді талап етеді. Бұл жағдайда Шығыс Қазақстан өңірінің дамуы осы қаржының тұрақты және кепілдендірілген ағынына тура тәуелді бола бастайды. Сәйкесінше, бұл сценарийдің негізгі қаупі ретінде мемлекеттік күрделі салымдары деңгейінің, оның ішінде мемлекеттік бюджеттен демеудің төмендеу тәуекелі болады, нәтижесінде ол инерциялық даму сценариймен жақындасады.

Берілген сценарийдің шектеулеріне инерциялық сценарийде аталғандардың бәрі де кіреді, бірақ олардың іске асуы жұмсақ түрде болады, бұл жерде мемлекеттік күрделі салымдардың нақты көлемі жоғарлаған сайын шектеулердің деңгейі төмендей бастайды.

Берілген сценарийді іске асыру арқасында бюджет табыстары өсе бастайды, инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыру арқасында Шығыс Қазақстан өңірінің инвестициялық тартымдылығы да едәуір жоғарлайды. Алайда, адам капиталы сапасының жақсаруы мен өңірдегі орташа кластың қалыптасуы төмен ырғақпен дамиды.

Инновациялы-белсенді сценарий жоғарыдағы екі баламаға қарағанда экономикадағы құрылымдық жаңғыртулардың және инновациялық дамудың әлдеқайда жоғары белсенділігін қолдануды көздейді. Экономикалық өсімді едәуір қарқынды мүмкіндігі, экономиканың технологиясы жоғары өңдеу секторларының және білімдер экономикасының даму динамикасын өсіруді, жаңа, тиімділігі жоғары технологиялық базаны құруды талап етеді. Олар өз кезегінде, бастаушы қызмет түрлерінде және қызметтер секторларында технологиялық жаңартулар енгізіп, экономиканың барлық салаларында еңбек өнімділігінің тұрақты өсімін, бәсекеге қабілетті аймақтық-өндірістік кластерлердің дамуын, халық тұрмыс жағдайының жаңа стандарттарына жетуде маңызды өзгерістерді қамтамасыз етеді.

Инновациялы-белсенді сценарий кезінде стратегиялық бағыттар қалыпты жағдайға қарағанда 2-3 есе жоғары қарқынмен дамиды, нәтижесінде өңірге ірі трансаймақтық және трансұлттық компаниялар енеді, өңір салалары ірі макроаймақтық жобаларға енгізіледі де олардың жүзеге асырылу процесіне белсенді қатысады. Жалпы сөз келесі туралы жүргізіледі:

- ірі инвесторларды АӨК-не келтіру туралы, яғни осы саланың материалдық-техникалық базасына тездетілген жаңарту жүргізу, өнімін трансаймақтық сауда жүйелеріне ендіру және өңірдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

- өнеркәсіптің тұрақты және ырғақты дамуы туралы, оны диверсификациялау және бәсекелестік қабілетін жоғарлату арқылы;

- туризм мен қонақ үй бизнес облысында халықаралық әріптестерді келтіру туралы, нәтижесінде халықаралық туристік ағындарын қалыптастыру және өңірге келген қонақтардың өмір сүру жағдайларын әлемдік стандарттарға жақындату (әсіресе туристік инфрақұрылымды дамыту өрісінде);

- бизнес-климатты жақсарту және өңір экономикасына инвестициялардың келуін ынталандыру туралы;

- қоршаған ортаның сапасын тұрақтандыру және жақсарту туралы;

- ШҚО-ның инвестициялық тартымдылығын жоғарлатудың негізгі механизмі ретінде болатын жер-мүліктік кешенін тиімді пайдалану жүйесін құру туралы;

- халықаралық деңгейдегі басқарушылық кадрларды даярлау жүйесін құру туралы.

Шығыс Қазақстан өңірінің инновациялы-белсенді дамуының моделі бір қатар тұжырымдамаларға сүйенеді, ал олар азаматтардың интеллектуальді әлуетіне және белсенді позицияларына негізделеді, негізгі өндірістік қор ретінде білімдер мен технологиялар қолданылады.

Берілген сценарийдің шектеулері мен тәуекелдері әлемдік нарықтардың бастаушы салаларына қатысты маңызды болатын салалар дамуының болжамдық бағалардан болуы мүмкін ауытқуларымен байланысты болады.


Берілген сценарий алдыңғы сценарийлерге қарағанда экономикалық өсімнің жоғары қарқындарына шығуға мүмкіндік береді. Экономикалық өсімнің сәттілігі, экономиканың бастаушы секторларын дамытуға қатысты бағдарламалық-стратегиялық тәсілін қолдану көлемімен және бәсеке мен корпорациялардың жеке стратегиялары ықпалынан дәстүрлі секторлардың жаңаруымен айқындалады.

Инновациялы-белсенді сценарийді жүзеге асыру шектеріндегі экономиканың қарқынды өсімі ҚР-ның Шығыс өңіріндегі орташа кластың қалыптасуына және өсуіне, шағын және орта бизнес секторының қарқынды дамуына, еңбек өнімділігінің күрт өсуін қамтамасыз ететін венчурлық қаржыландыру механизмдерінің өсуіне, жаңа ғылым сыйымдылығы жоғары технологиялардың енгізілуіне қажет жағдайлар жасайды. Бұл жағдайда ғылыми-техникалық нәтижелерді мейлінше қарқынды және тиімді пайдалану керек.[2]

Сонымен, бұл сценарий аталғандардың ішінде ең тиімді деп көрсетуге болады, сондықтан да оны дамудың мақсатты сценарийі ретінде облыстың стратегиялық даму бағдарламасында таңдау қажет, өйткені ол экономиканың қарқынды экономикалық өсім траекториясына шығуын көздейді және жергілікті атқарушы билік органдарының және бизнес өкілдерінің өңірді бизнес жүргізуге және инвестициялардың құйылуына тартымды етіп жасауға бағытталған қызметін ынталандырады. Нәтижесінде Шығыс Қазақстан өңірінің қазақстандық және шетелдік нарықтардағы орны нығайып, оның әлемдік экономикаға интеграциясы кеңейеді.

Шығыс Қазақстан өңірінің әлеуметтік-экономикалық даму сценарийлерінің мазмұны өз кезегінде облыс экономикасының мүмкіндіктерін анықтайды (сурет 1).

Қорларды және өндірісті басқару қызметі «сырттай» болуы мүмкін, яғни шешімдерді қабылдау орталықтары өңірлік биліктен тыс болса, және «субъектті» бола алады, мұнда маңызды сұрақтар бойынша барлық шешімдер тек өңірлік әкімшілікпен ғана қабылданады.



Сурет 1. Аймақ экономикасының даму мүмкіндіктері

Тұтынушыларға бағдарлану *оқшауланғаннан* (өндірілетін тауарлар мен қызметтердің басым бөлігі осы өңірдегі тұрғындарға арналған болса) бастап, *экспансияға* (тұтынушылардың басым бөлігі осы ҚР облысынан тыс жерде тұратын болса) дейін өзгере алады.

Экономиканың негізгі секторларының сапалық деңгейі *шикізаттық* түрден (өңір территориясында орналасқан салалар негізінен кен өндіруден және оны бастапқы өңдеуден құралатын болса) *инновациялыққа* дейін (өңірдің жалпы өңірлік өнім көлемінің едәуір бөлігі қосылған құны жоғары болатын өнімді өндіретін салалардан тұрса) өзгере алады.

Сурет 1 бойынша Шығыс Қазақстан өңірі салаларына қысқаша түрде сипаттама берейік:[3]

- – *энергетикалық сала* – инновациялық, көп мөлшерде сыртқы нарықтарға бағдарланған, шамамен толық жеке дара, сырттай басқарылады, өсудің жоғары әлеуеті бар;

- – *металлургиялық және кен өндіру кешені кәсіпорындары* – өте үлкен инновациялық әлеуеті бар, мемлекеттік құрылымдармен басқарылады (оның ішінде өнімді тарату сұрақтары бойынша да), өсім әлеуеті берілген кәсіпорынның сәйкес корпорациялар ішіндегі (интеграцияланған құрылымдағы) алатын орныны тәуелді болады;

- – *машина жасау саласы* – инновациялы, сыртқы нарықтарға бағдарланған, облыс

Әкімшілігінің демеушілігі бар; өсім әлеуеті төмен, өйткені дистрибьюторлық және қызмет көрсетуші жүйелер өте әлсіз, халықаралық брендтермен салыстырғандағы бәсекелестік қабілеті төмен және өнім құнындағы транспорттық шығындардың үлесі өте жоғары;

- – *агроөнеркәсіптік кешен*, шикізатпен жұмыс істеуге де, оны өңдеуге де бағдарланған, бір қатар позициялар бойынша сыртқы нарықтарға, ал басқалары бойынша аймақтық нарықтарға бағытталған; ескірген материалдық-техникалық базамен ерекшелінеді, алайда ғылыми-зерттеу базасы бар; жеке меншік басқаруында болып, өңірдің билік органдары тарапынан АӨК дамыту бағдарламалары арқылы демеу алады; өсу әлеуеті өте зор;

- – *туристік сала* – негізінен табиғи қорларды пайдалану есебінен дамып жатыр, аймақтың туристік қорымен және туристік ағындармен жұмыс істеу технологиясы тұрғысынан инновациялылығы әлсіз; негізінен облыс және Қазақстан Республикасының көршілес өңірлерінде тұратын халыққа бағдарланған; бейберекет дамып жатыр, бірақ, ірі «сырттай ойыншысы» болмаса да, өңір жетекшілігіне тәуелді болады; даму әлеуеті өте зор, бүгінгі күні өңірде екі зона қалыптастыру жоспарланып жатыр: туристік-рекреациялық және аттрактивті;

• – *құрылыс индустриясын* жеке көрсету керек, өйткені осы индустрияның өсу әлуеті жоғары болады. Бұл жалпы елімізде тұрғын үй аудандарын өсіру бағдарламаларымен және Шығыс Қазақстан облысының даму болашағымен айқындалады; инновациялылығы жоғары, сырттай басқарылады, алайда өңір жетекшілігімен жұмыс байланыстары бар.

Өңірдің даму идеологиясы жаһанды үрдістердің болжамдарын және берілген өңірдің ерекшеліктерін есебке алу керек, яғни бар әлуетін толық пайдалану мен бар мәселелерді шешу арқылы.

Стратегиялық дамудың идеологиясын құрастырған кезде Шығыс Қазақстан өңірінің Қазақстанда алатын ерекше орнын ескеру керек. Қолайлы геостратегиялық орналасудың, бірегей табиғи-климаттық жағдайлардың, өте зор сауықтыру мен танымдық-туристік әлуеттің, бай табиғи қорлардың, дамыған, жағымды беделі мен дәстүрлі өндірістік тарихы бар ауыл шаруашылық пен өнеркәсіптің, қуатты ғылыми-инновациялық кешеннің, әлеуметтік тұрғыдан белсенді, білімді халықтың сирек кездесетін үйлесімділігі бар берілген облыс еліміздің аймақтары ішінде дамудың жоғары әлуеті бар өңірлердің біріне айналдырады. Бұл әлуетті жүзеге асыру арқылы экономикалық өсудің негізгі көзін тудыруға болады.

Облыстың Қазақстан дамуындағы анық және түсінікті орнын анықтау арқылы мемлекеттік қорларды бар инфрақұрылымдарды жаңартуға,

жаңа инфрақұрылымдарды қалыптастыруға және әлеуметтік өрісті қайта құруды белсендіруге келтіру мүмкіндігін береді. Өзінің шағын отанының ел өміріндегі рөлін және орнын түсіну арқылы тұрғындарда өз өңіріне деген жағымды қарым-қатынасы, мақтаныш сезімі, патриоттық көңілі қалыптасады, нәтижесінде нақты әлеуметтік және экономикалық эффектілер орын алады.

Жалпы алғанда ШҚО-ның стратегиялық дамуының идеологиясы келесі стратегиялық ойларды іске асыруға негізделеді:

1. халықтың тұрмыс жағдайының деңгейі мен сапасы қазіргі заманғы жоғары стандарттарға сәйкес болу керек;

2. өңірдің тиімді инновациялық экономикасын қалыптастыру және дамуда нақты әлеуметтік басымдықтарға бағдарлану.

Сонымен, ШҚО дамуының басты стратегиялық мақсатын келесі түрде көрсетуге болады:

2030 жылға дейін, яғни ҚР-сы дамуының Стратегиялық жоспарының бағдары болатын жылға дейін Қазақстанның Шығыс өңірі денсаулықтың, мәдениеттің және демалыстың жаһанды орталығына айналу керек; өмір сүру деңгейі мен сапасының қазіргі заманғы стандарттарын қамтамасыз ететін, құрамында тиімді аграрлы-өнеркәсіптік пен ғылыми-инновациялық кешендері бар аймақ болып даму керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Бутакова М.М. Экономическое прогнозирование: методы и приемы практических расчетов: учебное пособие / М.М. Бутакова. — 2-е изд., испр. — М.: КНОРУС. 2010 - 168 с.
2. Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 28 маусымдағы № 728 қаулысы // <http://adilet.zan.kz>
3. Шығыс Қазақстан облысының аумағын дамытудың 2016-2020 жылдарға арналған бағдарламасы. Шығыс Қазақстан облысы мәслихатының 2017 жылғы «13» желтоқсандағы № 16/193-VI қаулысының шешімі

Қалдыбаева Данира Орынбаевна

Лауазымы: бағалау магистрі, Қазақ инновациялық гуманитарлық заң университетінің «Экономика и менеджмент» кафедрасының аға оқытушысы, Семей қаласы

Пошталық мекен-жайы: 071400, Қазақстан Республикасы, Семей қ., Өтепбаев көшесі, 50 В-92

Ұялы тел: +7 707 6597805

Аманбаева Асемгуль Абдулмансуровна

Лауазымы: доктор PhD, Қазақ инновациялық гуманитарлық заң университетінің «Экономика и менеджмент» кафедрасының меңгерушісі, Семей қаласы

Пошталық мекен-жайы: 071400, Қазақстан Республикасы, Семей қ., Титова көшесі, 120-16

Ұялы тел: +7 771 369 56 37

Джунусова Данара Сейтказиевна

Лауазымы: экономика магистрі, Қазақ инновациялық гуманитарлық заң университетінің «Экономика и менеджмент» кафедрасының оқытушысы, Семей қаласы

Пошталық мекен-жайы: 071400, Қазақстан Республикасы, Семей қ., Глинки көшесі, 26-45

Ұялы тел: +7 702 338 76 32

Шығыс Қазақстан өңірінің әлеуметтік-экономикалық дамуының сценарийлерін талдау және осы дамудың идеологиясын құрастыру

Қалдыбаева Данира Орынбаевна

Должность: магистр оценки, старший преподаватель кафедры «Экономика и менеджмент» Казахского гуманитарно-юридического инновационного университета, г. Семей

Почтовый адрес: 071400, Республика Казахстан, г. Семей, ул. Утепбаева 50 В-92

Сот. тел: + 7 707 6597805

Аманбаева Асемгуль Абдулмансуровна

Должность: доктор PhD, заведующая кафедрой «Экономика и менеджмент» Казахского гуманитарно-юридического инновационного университета, г. Семей

Почтовый адрес: 071400, Республика Казахстан, г. Семей, ул. Титова 120-16

Сот. телефон: +7 771 3695637

Джунусова Данара Сейтказиевна

Должность: магистр экономики, преподаватель кафедры «Экономика и менеджмент» Казахского гуманитарно-юридического инновационного университета, г. Семей

Почтовый адрес: 071400, Республика Казахстан, г. Семей, ул. Глинки 26 -45

Сот. телефон: +7 702 3387632

Анализ сценариев социально-экономического развития Восточно-Казахстанского региона и разработка идеологии данного развития

Kaldybaeva Danira Orynbaeva

Position: master of assessment, senior lecturer of the department «Economics and management» Kazakh Humanitarian Juridical Innovative University, Semey city

Mailing address: 071400, Republic of Kazakhstan, Semey, Utepbaev str. 50 V-92

Mob.phone: +7 707 6597805

Amanbaeva Asemgul Abdulmansurovna

Position: doctor PhD, head of department «Economics and management» Kazakh Humanitarian Juridical Innovative University, Semey city

Mailing address: Code 071400, Semey, Titova str.120-16

Mob.phone: +7 771 3695637

Dzhunusova Danara Seytkazievna

Position: master of Economics, lecturer of the department «Economics and management» Kazakh Humanitarian Juridical Innovative University, Semey city

Mailing address: Code 071400, Semey, Glinki str. 26-45

Mob.phone: +7 702 3387632

Analysis of the scenarios of socio-economic development of the East Kazakhstan region and the development of the ideology of this development